

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

«БЕКІТІЛДІ»
 ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімі,
 № 1 хаттама «02» 09 2024 ж.
 Е. Мамбетказиев



**ҚАЕУ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРЫ БОЙЫНША ГРАНТТЫҚ
 ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА
 КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА**

Өскемен, 2024 ж.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

1. Жалпы ереже

Конкурстың мақсаты – университеттің ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу қызметін қолдауы және ынталандыруы, ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыруға жоба дайындау.

Зерттеу түрлері: іргелі және қолданбалы зерттеулер.

2. Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атаулары

Басым бағыттар	Мамандандырылған ғылыми бағыттар
1 Елдің зияткерлік әлеуеті	1. Әлеуметтік ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: 1.1 Экономикалық зерттеулер. Экономикалық саясат және қауіпсіздік; 1.2 Демография және көші-қон. Өмір сапасы және адами капитал. Ұйымдастыру және еңбек қауіпсіздігі. Әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, жұмыспен қамту және жұмыссыздық, еңбекті ғылыми ұйымдастыру. 1.3 Елдің кадрлық әлеуетін дамыту; 1.4 Әлеуметтік және саясаттану зерттеулері. Геосаясат және халықаралық қатынастар; 1.5 Мемлекеттік басқару. Құқықтық жүйе, құқықтық реформалар, халықаралық құқықтық тәртіп; 1.6 Психология саласындағы зерттеулер: теория және практика. 1.7 Мемлекеттің, экономиканың және қоғамның құрылымдық-технологиялық жаңғыртылуы және орнықты аумақтық-кеңістіктік дамуы. 2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: 2.1 Жаңа гуманитарлық білім. Философиялық және Дінтану зерттеулері; 2.2 Қазақстанның ежелгі, ортағасырлық, жаңа және жаңа тарихының өзекті мәселелері; 2.3 Археология мен этнологияның өзекті мәселелері; 2.4 Қазақстанның рухани храмдары. Қазақстанның киелі географиясы. Өлкетану; 2.5 Лингвистика, әдебиеттану және фольклортану; 2.6 Журналистика және бұқаралық ақпарат құралдары; 2.7 Жалпы тарих пен халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері; 2.8 Мәдениет және өнер саласындағы пәнаралық зерттеулер. Қазақстанның креативті индустриялары; 2.9 Әлеуметтік-гуманитарлық саладағы ақпараттық және цифрлық технологиялар. 2.10 Қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруы. 2.11 Гуманитарлық аспектілерді зерделеу және қазақстандық

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

	қоғамның тұрақты дамуының идеялық платформасын қалыптастыру 2.12 Жалпыұлттық бірлік, дәстүрлер мен діндердің диалогы. 2.13 Әлеуметтік-гуманитарлық саладағы цифрландыру. Ақпараттық қоғам. Білімді цифрландыру. Сандық кеңістік. Ақпараттық кеңістіктегі адам. 2.14 Қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелерін зерттеу: лингвистикадағы бейне вербалды ғылыми парадигма. Мемлекеттік тілді цифрландыру, латын әліпбиі негізінде қазақ тілін реформалау. 3. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнаралық зерттеулер мен әзірлемелер. 4. Білім және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: 4.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің өзекті мәселелері; 4.2 Білім беруді жаһандандыру саласындағы инновациялық технологиялар; 4.3 Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру саласындағы зерттеулер 4.4 Балалардың ерте дамуы; 4.5 Орта және кәсіптік-техникалық білім берудің өзекті мәселелері; 4.6 Білім беруді цифрландырудың өзекті мәселелері; 4.7 Дене шынықтыру және спорт саласындағы зерттеулер; 4.8 Арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы өзекті мәселелер; 4.9 Үздіксіз білім беру мәселелері; 4.10 Ғылым саласындағы дамудың өзекті мәселелері. 5. Математика, механика, астрономия, физика, химия, биология, информатика және география саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.
2 Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс, биологиялық қауіпсіздік	1. Іргелі ғылыми зерттеулер 1.1 Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің жалпы теориясы 1.2 Мемлекеттің әскери ұйымын дамыту 1.3 Криптология 2. Қолданбалы ғылыми зерттеулер 2.1 Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету 2.2 Әскери қауіпсіздік және әскери өнер саласындағы зерттеулер 2.3 Қорғаныс-өнеркәсіп кешенін, қару-жарақ пен әскери техниканы, әскери-ғарыштық технологияларды дамыту 2.4 Терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл 2.5 Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз ету 2.6 Құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету 2.7 Өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, Азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

	алу және жою саласындағы зерттеулер 2.8 2.8 Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
--	---

2. Ғылыми жетекшіге және зерттеу тобына қойылатын біліктілік талаптары

Ғылыми жобаның ғылыми жетекшісі (бұдан әрі-жоба жетекшісі) ҚАЕУ-дің штаттық оқытушысы болуға және мынадай ең төменгі біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс:

- философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/кандидаты) болуы (шетелде алған ғылыми дәрежесін нострификациялау талап етілмейді);

- жоба басшысының ғылыми зерттеу саласы және (немесе) оның ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі ғылыми жобаның бағытына сәйкес келуі тиіс.

Зерттеу тобының құрамы 1-ден 3-ке дейін болуы мүмкін; зерттеу тобының мүшелері штаттық оқытушылар болуы керек.

3. ҚАЕУ ғылыми жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға өтінімнің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар

1. Конкурсқа қатысуға өтінім 1-қосымшаға сәйкес жасалады. Өтінім мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалады.

2. Өтінімдер академиялық және зерттеу этикасының принциптері мен нормаларына сәйкес келуі керек.

3. Өтінімде жобаны іске асыру мерзімі туралы ақпарат болуы тиіс – 12 ай (күнтізбелік жоспарда жұмыстарды орындаудың басталуы – 2024 жылғы қыркүйек - 2025 жылғы қыркүйек).

4. Жобаны іске асыру үшін қажетті сұратылған қаржыландыру сомасы-жылына 1 млн. теңгеден аспайды.

4. Конкурсқа өтінім беру процесі

1. Өтініш беруші конкурсқа ҚАЕУ Ғылыми кеңесі бекітетін жобалау қызметі жөніндегі комиссияға natalya-moshensk@mail.ru.электрондық поштасы арқылы өтінім береді.

2. Өтінімдер электрондық нұсқада мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жобалау қызметі жөніндегі комиссияға беріледі.

3. Өтінімдер мынадай жағдайларда қабылданбайды:

- 1) өтінімді ресімдеудің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі;
- 2) плагиат фактілерінің болуы;
- 3) ғылыми жетекшінің және/ немесе зерттеу тобы мүшелерінің осы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуі;
- 4) күтілетін нәтижелердің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі.

5. Ғылыми жобалардың күтілетін нәтижелеріне қойылатын талаптар

1. Ғылыми басылымдар

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша жобаны іске асырудың барлық кезеңінде мынадай ең төменгі нәтижелер алынуға тиіс:

Жариялануы керек:

- Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Web of Science базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында citescore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

шолу;
- БҒСБК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолулар;
- немесе Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) немесе 2 (екінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасында 65 (алпыс бес) кем емес CiteScore бойынша процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымда 1 (бір) мақаладан немесе шолудан кем емес);
- немесе Web of Science базасының Arts and Humanities Citation Index индекстелетін рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолулар.

2. ҚАЕУ гранттық жобасы негізінде 2026-2028 жылдарға арналған ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру конкурсына гранттық өтінім дайындалып, берілді.

Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс басымдығы шеңберіндегі және (немесе) Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын жобалар бойынша:

- БҒСБК ұсынған журналдарда және (немесе) басқа да отандық рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала
--

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

Конкурстық құжаттамаға
1-қосымша
« » 2024 ж.

ҚАЕУ ғылыми жобаларын гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға Өтінім

Өтінім келесі бөліктерден тұрады:

- 1) аннотация;
- 2) түсіндірме жазба;
- 3) сұратылған қаржыландыруды есептеу.

1. Аннотация

Аннотация жобаның мақсатын, зерттеуге бағытталған проблемаларды, зерттеу жүргізуге негізгі тәсілдерді, күтілетін нәтижелерді, зерттеу нәтижелерінің ғылыми-техникалық (оның ішінде – кадрлық) әлеуетке және ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының, ғалымдардың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету дәрежесін, зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығын, яғни олардың Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының өзекті міндеттерін шешу үшін коммерцияландыру немесе өзге де сапада қолдану үшін дайындығы дәрежесін қысқаша сипаттауды қамтиды.

Аннотация көлемі 600 сөзден аспауы керек.

2. Түсіндірме жазба

Түсіндірме жазбаның мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды (бұл ретте өтінім нысанындағы сілтемелері бар кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаға қосымшаға шығарылады және тиісті бөлімдердегі сөздер санын және өтінім беттерінің жалпы санын есептеу кезінде ескерілмейді):

1. Жалпы ақпарат

- 1.1. Жоба тақырыбының атауы [20 сөзден артық емес].
- 1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.
- 1.3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы, зерттеу саласы мен түрі.
- 1.4. Ғылыми бағыттардың жіктеуішіне сәйкес зерттеу саласы.
- 1.5. Зерттеу түрі (іргелі немесе қолданбалы зерттеу).
- 1.6. Жобаның басталуы мен аяқталуының болжамды күні.
- 1.7. Гранттық қаржыландырудың сұратылған сомасы (теңгемен).
- 1.8. Өтінімнің саласы мен бағытын сипаттайтын түйінді сөздер.

2. Жобаның жалпы тұжырымдамасы [550 сөзден аспайды]

2.1. Кіріспе бөлім [100 сөзден аспайды]

Жоба идеясының қысқаша сипаттамасы, оны шешуге бағытталған мәселе көрсетіледі. Жобаның пәнаралық сипаты.

2.2. Жобаның мақсаты [50 сөзден артық емес]

Мақсат қысқаша және нақты түрде баяндалады, жоба тақырыбына сәйкес келуі керек, қол жетімді болуы керек және жобаны іске асыру нәтижесінде күтілетін шешімнің сипатын көрсетуі керек. Мақсаттың мазмұны жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жауап берілуі тиіс негізгі сұрақты көрсетуі тиіс.

2.3. Жобаның міндеттері [400 сөзден артық емес]

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

Бұл бөлімде логикалық өзара байланысты, дәйекті тапсырмалар арқылы жобаның мақсатына жету жолы сипатталған. Қойылған міндеттердің тізімі келтірілген:

- 1) есепті шешудің өлшенетін көрсеткіштерімен;
- 2) жобаның мақсатына жетудегі міндеттердің әрқайсысының рөлін және басқа міндеттермен және жобаның күтілетін нәтижелерімен өзара байланысын қысқаша негіздей отырып;
- 3) міндеттердің өлшенетін көрсеткіштерін көрсету кезінде әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы жобаларды қоспағанда, өтінім беру және жобаны аяқтау кезеңінде әзірлемелердің технологиялық әзірлігінің деңгейін көрсету қажет;
- 4) өтініш берушінің пікірі бойынша басқа да маңызды параметрлермен.

3. Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы [1500 сөзден аспайды]

Бөлімде келесі ақпарат болуы керек:

- 1) жобаны әзірлеуге алғышарттар, (бар болса, жобаның тақырыбына қатысты алдын ала нәтижелер және (немесе) өтініш беруші бұрын алған нәтижелер көрсетіледі);
- 2) зерттелетін тақырыпқа қатысты әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулерді, білімнің жетіспеушілігін және олардың осы жобамен өзара байланысын міндетті түрде шөла отырып, жобаның ғылыми жаңалығының негіздемесі (контексте шолуда пайдаланылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуі тиіс, оның толық транскрипциясы "Библиография" бөлімінде ұсынылуы тиіс), жобаның күтілетін нәтижелерін белгілі аналогтармен салыстыру;
- 3) жоба нәтижелерінің маңыздылығын негіздейтін ғылыми және технологиялық мұқтаждықтар (бар болса, әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделілікті, басқа да растайтын деректерді қоса алғанда), жобаның ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңыздылығы, оның нәтижелерінің экономиканың, ғылымның және (немесе) қоғамдық қатынастардың тиісті саласын дамыту үшін қолданылуы;
- 4) жобаның ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейіне, ғылыми-техникалық әлеуетіне, ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының бәсекеге қабілеттілігіне, жоба нәтижелерінен күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсерге, күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті жағдайларға әсері.

Осы бөлімді сипаттау кезінде келесі позициялардың сипаттамасына назар аудару қажет:

- 1) Жоба идеясының қолданыстағы аналогтардан түбегейлі айырмашылықтары (егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде және (немесе) Қазақстанда бұрыннан бар болса, жобаның артықшылығы неде және оны неге қаржыландыру керек екенін негіздеу қажет);
- 2) Егер жобаның түпкілікті нәтижесі өнім болса, жоба шеңберінде ұсынылатын өніммен салыстырғанда қазіргі уақытта жобаның пәндік саласындағы қалыптасқан техника деңгейін сипаттау қажет;
- 3) Егер жоба өтініш беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылған жағдайда, жобаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан айырмашылығын нақты баяндау қажет.

4. Зерттеу әдістері және этикалық сұрақтар [1500 сөзден аспайды]

Бөлім келесі ақпаратты қамтиды:

- 1) жобаның негізгі ғылыми мәселелері мен гипотезаларының сипаттамасы, зерттеу стратегиясы мен тәсілдерінің негіздемесі, жобада қолданылатын зерттеу түрлері (сипаттамалық, корреляциялық және/немесе эксперименттік), зерттеу жүргізудің кезектілігі;
- 2) ең маңызды эксперименттердің қысқаша сипаттамасы;

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

3) жобада қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерінің негіздемесі ретінде пайдаланылатын зерттеу әдістерінің сипаттамасы, олардың жобаның мақсаттары мен міндеттерімен өзара байланысы;

4) бастапқы (бастапқы) ақпаратты жинау әдістері, оның көздері және жобаның міндетін шешу үшін қолданылуы, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың дұрыстығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз ету;

5) Зияткерлік меншік құқықтарын ресімдеу және зерттеу нәтижелеріне бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай әдісі таңдалатынын көрсету, таңдауды негіздеу қажет).

5. Зерттеу тобы және жобаны басқару

Зерттеу тобының құрамы 1-кестеге сәйкес ресімделеді. Жоспарланған Мемлекеттің егжей-тегжейлі деректері көрсетіледі. Зерттеу тобының мүшелерінің бірі 40 жастан аспаған мамандар, ғалымдар, докторанттар немесе магистранттар қатарынан болғаны жөн.

6. Сұратылған қаржыландырудың негіздемесі [1500 сөзден артық емес]

Жобаның бюджетін жобаның ғылыми басшысы жұмыстардың күнтізбелік жоспарына сәйкес бөледі және осы жобамен байланысты емес шығыстардың өзге баптарына жіберілмейді (2-кесте толтырылады).

"Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)" деген бапта докторантура, магистратура немесе бакалавриат бағдарламасы бойынша оқитын постдокторанттарды қоса алғанда, жобаның зерттеу тобының мүшелеріне еңбегі үшін сыйақы ретінде төленуге жататын шығыстар көрсетіледі (3-кесте толтырылады).

7. Жобаны іске асыру жоспары, есептік құжаттама, зерттеу тобы басшысының және мүшелерінің жауапкершілігі.

Бөлім 4-кестеге сәйкес жоба бойынша егжей-тегжейлі, дәйекті жұмыс жоспарын қамтиды, онда ғылыми жобалардың күтілетін нәтижелеріне қойылатын талаптардың 5-тармағына сәйкес жоспарланған журналдарға мақалаларды қабылдауға байланысты нәтижелер әр алты айда жоспарлануы керек.

Жоба нәтижелеріне жобаны іске асыру басталғаннан 6 ай өткен соң қол жеткізілмеген жағдайда, ҚАЕУ жобалау қызметі жөніндегі комиссияның шешімімен ғылыми жетекші университетте жарияланған кейінгі конкурстарға ғылыми жетекші ретінде қатысудан шеттетіледі, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімге қаржы қаражаты грант берушіге қайтарылады. Ғылыми әдепті бұзу (плагиат және жалған бірлескен авторлық, қайталану, бөтен деректерді беру, ғылыми деректерді ойдан шығару және бұрмалау және т. б.) не ҚАЕУ жобалау қызметі жөніндегі комиссия жобаны қаржыландыруды тоқтату немесе жоба бойынша аралық немесе қорытынды есепті мақұлдамау туралы шешім қабылдаған жағдайда, Комиссияның шешімімен зерттеу тобының басшысы мен мүшелері ҚАЕУ-дің жобалық қызметі жөніндегі комиссиясынан 3 жылға шеттетіледі.

8. Күтілетін нәтижелер [750 сөзден аспайды]

Бөлімде зерттеудің негізгі нәтижесі, яғни жобаның мақсатына қол жеткізуге сәйкес келетін нәтиже, оның сандық және сапалық сипаттамалары мен іске асыру нысаны сипатталған. Жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес нәтиженің негіздемесі келтіріледі.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына байланысты жоба нәтижесін іске асыру нысандары мыналар болуы мүмкін:

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

1) шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалар жариялау (жоба нәтижелерін жариялауға арналған болжамды басылымдар, тиісті ғылыми-метриялық базада басылым туралы ақпаратқа сілтеме жасай отырып, басылымға дәйексөз келтіру индексі). Зерттеу нәтижелері бойынша мақалалар саны бойынша талаптар конкурстық құжаттамада белгіленеді.

Қосымша бөлімде мыналар көрсетіледі:

1) күтілетін нәтижелердің әрқайсысының қолданылу саласы және нысаналы тұтынушылары;

2) күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологияның негізгі ғылыми бағытын және сабақтас салаларын дамытуға әсері;

3) алынған ғылыми нәтижелердің қолданылуы және (немесе) коммерцияландыру мүмкіндігі;

4) жоба нәтижелерінің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық, мультипликативтік және (немесе) өзге де әсерін, оның ішінде ел өңірлерінде бар проблемаларды шешу бойынша негіздемесімен;

5) сапалық және сандық сипаттамалары көрсетілген жобаның басқа да тікелей және жанама нәтижелері.

9. Библиография

Бөлімде "Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы" 3-тармағындағы басылымдар көрсетіледі.

Әрбір жарияланымда журналдың толық атауы, басылым нөмірі, шыққан жылы, бет нөмірлері, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық авторларының аты-жөні болуы керек.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	02.02.2023 ж.
	Академиялық саясат 34 беттен 10-бет	СІҚЖ Редакция 2

1-кесте - Ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі зерттеу тобының құрамы

№ р/с	Т. А. Ә. (бар болса), білімі, дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны, лауазымы	Хирш индексі, ResearcherID, ORCID, Scopus Author ID идентификаторлары (бар болса)	Жобадағы немесе бағдарламадағы рөлі, сондай-ақ орындалатын жұмыстың сипаты	Қатысудың қысқаша негіздемесі
1					
2					
3					

2-кесте - Сұралған қаржыландыруды есептеу

№ р/с	Шығыстар бабының атауы	Қаржыландыру көлемі, теңге	
		Барлығы	
1	Зерттеу тобы басшысының еңбегіне ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)		
2	Зерттеу тобы мүшесінің еңбегіне ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)		
3	Зерттеу тобы мүшесінің еңбегіне ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)		
Барлығы			

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

3-кесте - Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)

№ р/с	Позиция	1- жыл				Жұмыспен қамту (толық / толық емес)	Еңбекақы, айына теңге
		Жұмыспен қамту (толық / толық емес)	Еңбекақы, айына теңге	Жұмыс айларын ың саны	Сомасы (гр.3× гр.4× гр.5)		
		3	4	5	6	7	8
1.	Зерттеу тобының негізгі қызметкерлері			x			
1.1.							
1.2.							
...							
3.	Еңбекақы төлеу қоры (гр.1+с.2)	x	x	x		x	x

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

4.	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (жиынтық бағ.4.1+гр.4.2+гр.4.3)	x	x	x		x	x
Барлығы (гр.3+ гр.4)		x	x	x		x	x

4-кесте - Іске асыру жөніндегі жұмыстар жоспары

№ р/с	Атауы оларды іске асыру жөніндегі міндеттер мен іс-шаралар	Орындау мерзімі	Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер (міндеттер мен іс-шаралар бөлінісінде), аяқтау нысаны
----------	---	-----------------	--

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

		Басталуы (ай)	Аяқталуы (ай)	
20____ жыл				

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР (гранттық қаржыландыруға конкурс ұтып алған жағдайда толтырылады)**1. Орындаушының аты (жоба басшысының ТАӘ)**1.1 Басымдық бойынша: _____ Толтыру.1.2 Басымдық бойынша: _____ Толтыру.1.3 Жоба тақырыбы бойынша: « _____ » Толтыру.

1.4 Жобаның жалпы сомасы XXXXXX (жоба сомасының цифрлық мәні) (жазбаша) теңге.

2. Біліктілік белгілері бойынша ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштері2.1 Жұмыс бағыты: Толтыру.2.2 Қолдану аясы: Толтыру.

2.3 Соңғы нәтиже:

- 2024 жылға: Толтыру;- 2025 жылға: Толтыру;2.4 Патентке қабілеттілік: Толтыру.2.5 Ғылыми-техникалық деңгей (жаңалық): Толтыру.2.6 Ғылыми-техникалық өнімдерді пайдалану: кім жүзеге асырады? Толтыру2.7 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін пайдалану түрі: Толтыру.**3. Жұмыстардың атауы, оларды іске асыру мерзімдері және нәтижелері**

Тапсырма, кезең шифры	Шарт бойынша жұмыстардың атауы және оны орындаудың негізгі кезеңдері *	Орындау мерзімі *		Күтілетін нәтиже *
		басталуы	аяқталуы	

Ескертпе: * - күнтізбелік жоспарға және конкурстық өтінімнің күтілетін нәтижелеріне сәйкес әр семестр бойынша 2024, 2025 жылдардағы жұмыстар, мерзімдер және олардың нәтижелері көрсетіледі.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

ОРЫНДАУШЫНЫҢ (жоба
басшысының) аты-жөні

(қолы)

Келісілді :

_____ Мамбетказиев А.Е.
ұйымның м.о.

Таныстым:

ҚАЕУ бірінші вице-президенті

_____ Байкенов Ж.Е.
(қолы)

ҚАЕУ ғылыми жұмыс және жоғары оқу
орнынан кейінгі білім беру жөніндегі
проректоры

_____ Гаврилова Ю.А.
(қолы)

(Қолтаңбаларды жеке параққа орналастыруға болмайды)

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

Осы шартқа
2-қосымша
№__ «__» _____ 20__ жыл

**ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТТЫ ПАЙДАЛАНУ
ТУРАЛЫ ЕСЕП (жартыжылдық есеп үшін)**

№ p/c	Шығындар бабының атауы	Смета бойынша жоспарланған сума	Іс жүзінде жұмсалған сума	Шығында рды үнемдеу	Растайтын құжаттардың атауы	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7
1	Еңбекақы					
10	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер					
	БАРЛЫҒЫ	Барлығы	Барлығы	Барлығы		

Ескерту:

1) ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін орындаушы (басшы) заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Ұйым басшысы

(қолы)

Т. А. Ә. (бар болса)

Ғылыми жоба жетекшісі

(қолы)

Т. А. Ә. (бар болса)

Есепші-экономист

(қолы)

Т. А. Ә. (бар болса)

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	15.08.2024 ж
	ҚАЕУ ғылыми жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама 17 беттен	СІҚЖ Редакция 3

ҚАЕУ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРЫ БОЙЫНША ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА

Ақпараттық басылым

© Қазақстан-Амеркиандық
еркін университеті, 2024

070018, Өскемен қ., М.Горький к-сі, 76
тел. (7232) 50-50-10, 50-50-15
АҚШ-тағы кеңсе: 44490 SE Phelps Rd., Sandy, OR
e-mail: kafu_ukg@mail.ru
web: www.kafu